

Жұмабаева Жәзира Аманжолқызының
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту» атты
тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту

Зерттеу мақсаты: бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуды теориялық жағынан негіздеу және оның әдістемесін жасап, тәжірибеден өткізу

Зерттеу міндеттері: 1.«Метапән», «метапәндік тұрғыда оқыту» ұғымдарының мәнін нақтылау;

2. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

3. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың педагогикалық шарттарын анықтау;

4. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізу, ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері: *теориялық* (философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); *эмпирикалық* (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); *математикалық және статистикалық* (алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, мониторинг, сараптау).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

1. Метапән – теориялық ойлау және әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру тәсілі, дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру құралы. Метапәндік тұрғыда оқыту – оқушының пәндер аясында универсал оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту барысында метапәндік нәтижелері қалыптасқан оқушы – бұл мазмұндық, реттеушілік, когнитивтілік құрамдас бөліктерге сәйкес теориялық ойлауы жетілген, ақпаратты қайта өңдеу дағдылары қалыптасқан, сыни және шығармашыл ойлайтын, реттеушілік біліктерін игерген оқыту үдерісінің субъектісі.

2. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту оқушылардың әмбебап оқу біліктерін, әртүрлі ақпарат түрлерін сақтау және алмасу үшін түрлі ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын қолдану біліктері мен дағдыларының кең спектрін меңгеруге, зерттеушілік әрекеттің негізгі дағдыларын, мұғалімдер, сыныптастары, ата-

аналарымен белсенді әрекетке және қарым-қатынасқа түсу негіздерін игеруге мүмкіндік береді.

3.Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара тығыз байланыстағы мотивациялық-мазмұндық, танымдық, диагностикалық-нәтижелік құрамдас бөліктерінің бірлігін, соларға сәйкес мақсат-міндеттері мен әдіснамалық тұғырларды; метапәндік тұрғыдан оқыту үдерісінің мазмұнын, өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

4. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту мынадай педагогикалық шарттарды сақтаумен қамтамасыздандырылады: әлемдік тәжірибені зерделеу және басшылыққа алу; бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқытуды ұйымдастыруда пәндерді кіріктірудің ұстанымдарын жүйеге түсіру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуға даярлау.

5.Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқыту арнайы әдістемені, метапәндік тапсырмаларды, ұтымды әдістерді, жаңа технологиялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болады. Метапәндік нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесін орындау барысында оқушылардың теориялық ойлау мен іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін қолдану оқушы санасында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- «метапән», «метапәндік тұрғыда оқыту» ұғымдарының мәні нақтыланған;
- бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталған;
- бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың педагогикалық шарттары анықталған;
- бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту әдістемесі (Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі; «Бастауыш білім берудегі метапәндік тәсілдеме» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы) жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелденген.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

Теориялық-әдіснамалық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуімен сипатталады.

Бірінші нәтиже жаңа философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «метапән», «метапәндік тұрғыда оқыту» ұғымдарының мәнінің нақтылануы – бірінші нәтиженің жаңалығына дәлел болады.

Екінші нәтиже *жаңа* Зерттеу барысында теориялық тұрғыда бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы - екінші нәтиженің жаңалығын көрсетеді.

Үшінші нәтиже бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқытудың *әлемдік тәжірибені зерделеу және басшылыққа алу; бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқытуды ұйымдастыруда пәндерді кіріктірудің ұстанымдарын жүйеге түсіру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытуға даярлау* сияқты педагогикалық шарттарын негіздеп, тәжірибелік қамтамасыздандырылуына байланысты жаңа болып есептеледі.

4. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту әдістемесі (Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі; «Бастауыш білім берудегі метапәндік тәсілдеме» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы) ұсынылып, оның тәжірибеге енгізілуі зерттеудің практикалық жаңалығы болып саналады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Білім берудің жаңа парадигмасы оқушыларда әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда пәндік білім, білік және дағдыларды жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді және білім алушының әмбебап оқу әрекеттерін өз бетінше ұйымдастыра алу, білімі мен біліктерін ортаның жиі өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалану, өзін-өзі басқара алу, өзіндік білім алу қабілеттерінің болуын талап етуде.

Осыған байланысты білім беру мазмұны мен үдерісін реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» мәселелері басты мақсат-міндеттер қатарына қойылған.

«Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланатындығы және заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болу, сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттігі, оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы, оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету аспектілерін ескере отырып айқындалатыны көрсетілген. Сондықтан бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың теориялық-практикалық шешімдерін табу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланыстылығын танытады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесіне сипаттама:

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 8 мақала жарық көрді. Соның ішінде 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда:

1. «Issues of Kazakh language teaching in elementary classes in terms of the meta-subject approach». Cypriot Journal of Educational Sciences. Elsevier Skopus. Volume 14, Issue 1, (2019) 158-170. (Co-authored by: Uaisova, G., Zhumabaeva, A., Uaidullakzy, E., Karimova, R. & Hamza, G., 60%).

2. Meta-subject methodology approach in the training of future primary school teachers. World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 1, (2021) 21-30. (Co-authored by: Uaisova G., Hasanova G., Jetpisbayeva S., 70%).

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 3-еуі жарияланды:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы метапәндік тәсілдеме. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми журнал. №5, 2020 ж. – Алматы қ. 146-152 б. (Қосалқы автор: Уайсова Г.И., 50%).

2. Болашақ педагогтарды бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыдан оқытуға даярлау тұжырымдамасы. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми журнал. №5/2, 2020 ж. – Алматы қ. –214-220 б. (Қосалқы автор: Уайсова Г.И., 50%).

3. Бастауыш сыныпта қазақ тілін метапәндік тұрғыдан оқыту мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4 (68), 2020 ж. (Қосалқы автор: Уайсова Г.И., 50%).

Шет елдік және Отандық халықаралық конференция материалдарында басылымдарда 3 мақала жарық көрді:

1. Жумабаева Ж.А. Метапредметный подход: теоретико-методологические основы. XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Наука и технологии: шаг в будущее – 2018», Чехия, Прага. – С.1-5. (100%).

2. Бастауыш сыныпта қазақ тілін метапәндік тұрғыда оқыту. «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар» атты педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форум жинағы. 4 қазан 2018 жыл. Алматы. 104-110 б. (Қосалқы автор: Mehmet Güven., 50%).

3. Progress study of the term meta-subject in education. "Innovation and Global Issues V in Multidisciplinary Sciences". Ankara. Turkey. 2-4 May, 2019. (100%).

Бұл жарияланымдар докторанттың диссертация мазмұнына байланысты, алынған нәтижелерге сәйкес негізінен жеке орындаған еңбектер болып табылады.